


2020 жылдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, алдын алу жұмыстарының жүргізілуі жайында қорытындысы

Анықтама

2020-2021 оқу жылында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу туралы педагогтер мен қызметкерлерге арналған іс-шаралар жоспары құрылып, педагогикалық ұжым, ата-аналар арасында түсіндерме жұмыстары жоспарлы жүргізіліп отырды. Сол сияқты 2020-2021 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс жоспары оқушылар арасында жүзеге асырылып келеді.

Гимназияның бірінші қабатында орналасқан «Парасатты азамат», «Адам. Қоғам. Құқық» құқықтық бұрышы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ақпараттық стендісінде 1-11 сынып жетекшілері, оқушылар мен педагогтар және ата-аналар танысып отырады. Мектептің ішкі тәртіп ережелері «Мектептегі оқушы ережесі», «Оқушы үні» жәшігі жыл бойы оқушылар, ата-аналар, ұстаздардың назарына алынған. Сонымен қатар адалдыққа, сенімділік қарым-қатынас орнатуға арналған «Сенім» жәшігі жыл бойы гимназияның кіре беріс есігінің жанына ілінген.



Жыл бойына гимназия қабырғасында «Ақша жинауға жол ЖОҚ» жаднамасы, ақпараттық бұрышы. Мектеп сайтына ақпараттар орналастыру мектеп әкімшілігінің бақылауында болады.


Гимназияның 01.09.2020 ж. №107 бұйрығы негізінде Ата-аналар, ұстаздар, оқушылар арасында заңсыз ақша жинауға қатаң тиым салу бойынша оқу жылының қыркүйек айында 1-11 сынып ата-аналары жиналыстары мен педагогикалық ұжым жиналысында таныстырылды.

Гимназияның педагогикалық кадр қажеттілігіне байланысты «Ашық мектеп» бос орындар бойынша (вакансия) еңбек kz, 67 гимназия сайтына орналас-

тырылып отырады. Сонымен қатар оқу жылының тамыз айында «Ашық мектеп» педагог кадрлар, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау комиссиясын құрылып, комиссия шешімі бойынша хаттамаланады. Оқу жылы бойында гимназияға жаңадан келген оқушыларды қабылдау тәртібі электронды жүйеде жүргізіліп отырады. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы, азқамтылған отбасы балаларына әлеуметтік қолдау көрсету жұмысшы тобын құрылып, Ата-аналар арасынан және қамқоршылық кеңесінің мүшелерінен мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына және ата-аналарына әлеуметтік қолдау комиссиясы талапты құжаттарға сәйкес жұмысын атқарып отырады.

- Компьютер – 429
- Көпбалалы отбасы АСП бар- 93, АСП жоқ -196 отбасы, барлығы 289 отбасы - 40000 тенгеден жәрдем ақы алды.
- Сарыарқа әкімдігі оқу құралы, сөмке- 15 оқушы
- 15 оқушы – «Мектепке жол» акциясы бойынша рюкзак, оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Көмек беруші: Сарыарқа әкімдігі және Білім басқармасы

02.12.2020ж. күні онлайн ZOOM платформасында гимназияның қамқоршылық кеңесі мен 1-11 сынып ата-аналарының қатысуымен өткен жиналысында «Ашық бюджет» мектеп қаражатының жұмсалуды интерактивті картаға бюджет қаражаты туралы ақпараттың орналасуын гимназия директоры Гүлжанат Абдраманова және бас есепші Қ. Курегенова таныстырды.



2020-2021 оқу жылының қыркүйек айында Білім басқармасының 16.09.2020ж. № 107-04-26/203 хатына сәйкес Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіліне директордың тәрбие жұмысы жөніндегі менеджері А. Ж. Рахметуллин бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, педагогикалық ұжым мен ата-аналар қауымына парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу міндеттері бойынша іс-шараларды

жүзеге асыру жайында гимназия директорының 04.09.2020ж. № 102 бұйрығы негізінде жүргізілді.

01.09.2020 жылғы № 103 бұйрығына сәйкес «Педагогикалық әдеп кеңес комиссиясы» құрылды. Ұжымдық педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы 9 мүшеден бекітілді.

1. Оқытушылар құрамымен олардың құқықтық сауаттылығын және моральдық-адамгершілік қасиеттерін арттыруға бағытталған тақырыптық сабақтарды практикаға енгізу мәселерін қарау

2. Гимназиядағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінде оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтай отырып, педагогтар тарапынан құқық бұзушылық жасау фактілерін қарау

3. Педагогикалық этиканы бұзудың алдын алу мақсатында жас мамандармен жұмыс бойынша тәлімгерлік институтын күшейту

4. Мұғалімдердің психоэмоционалды тұрақтылығын және зорлық-зомбылыққа бейімделген анықтау мақсатында педагогикалық құрамға психофизиологиялық тестілеу жүргізу мәселелерін пысықтау. Іс-шарала жоспары құрылып, жауапты тұлғалар белгіленіп, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жыл бойына жүргізіліп отыратыны жауапталды.

17.09.2020ж.күні онлайн режимінде мектеп ұжымына құқық бұзушылықтарының алдын алу туралы түсіндірме жұмысын гимназия директоры Г.Абдраманова таныстырды. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің міндеттерін жүктеу туралы № 101 бұйрық, Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілді тағайындау туралы № 102 бұйрығы бойынша тәрбие жұмысы жөніндегі менеджері А.Рахметуллин, қызметкерлерінің еңбек шартына косымша ӘДЕП КОДЕКСІ туралы таныстыру кадр бөлімінің жетекшісі Г.Ыбрайым, бұйрықтың орындалуы директор Г.Абдраманова өзіне бекітілгені жайында атап өтті. Жаңа оқу жылында гимназияға 9 жас маман жұмысқа қабылданып, олардың бастаған еңбек жолында көмек көрсету бағытында тәжірибелі, тәлімгер ұстаздар бекітілді. Білім басқармасының 16.09.2020ж. № 107-04-26/203 хатына сәйкес, гимназия бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, тақырыптары және жүзеге асыру бойынша жауапты қызметкерлері бекітілді.

Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес әдеп кодексі талаптарын және ережелер мен қағидалары туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - *Министрлік*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты таныстырылды.

5-11 сыныптарында 2020 жылдың қазан айында «Адалдық сағаты» ата-аналармен бірлескен бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Сынып жетекшілері оқушыларды адалдық пен парасаттылыққа, әділдік пен шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында ата-аналардың қатысуымен таныстырылымдар жасады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу дәріс сағаттары бойынша тәрбие менеджері А. Рахметуллин және қосымша білім беру педагогы Ж. Қуанышбеков «Адал ұрпақ» еріктілер клубын жоспарлы жүзеге асырады.

